

Сағадат Нұрмағамбетов атындағы
Құрлық әскерлерінің Әскери институты

«Әскери ғылым дамуының өзекті мәселелері» атты
Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ



Алматы 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚОРҒАНЫС МИНИСТРЛІГІ

**САҒАДАТА НҮРМАҒАМБЕТОВ АТЫНДАҒЫ
ҚҰРЛЫҚ ӘСКЕРЛЕРІНІҢ ӘСКЕРИ ИНСТИТУТЫ**



«ӘСКЕРИ ҒЫЛЫМ ДАМУЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»

Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының
материалдар жинағы

«MILITARY SCIENCE DEVELOPMENT TOPICAL ISSUES»

International scientific and theoretical conference materials collection

сборник материалов

Международной научно-теоретической конференции

«АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ РАЗВИТИЯ ВОЕННОЙ НАУКИ»

Алматы, 2022

УДК 355 / 359 (069)
ББК 68.4
А43

Редактор: полковник Ибатулин Б.Ш.
Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлері Әскери институтының бастығы

Редакция алқасы: философия ғылымдарының кандидаты
Нурмухаметова Қ.Ш.,
педагогика ғылымдарының магистрі
подполковник Рудик В.А.,
әскери ісі мен қауіпсіздік магистрі
подполковник Адылханов Х.С.,
педагогика ғылымдарының магистрі
майор Зарубин И.В.,
педагогика ғылымдарының магистрі
лейтенант Кольб Е.А.,
экономика ғылымдарының магистрі
сержант Мырзабекова М.М.

А 43 Әскери ғылым дамуының өзекті мәселелері: атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдар жинағы = «**Military science development topical issues**» International scientific and theoretical conference materials collection = Сборник материалов Международной научно-теоретической конференции: «**Актуальные вопросы развития военной науки**». - Алматы: Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлерінің Әскери институты, 2022ж. 307 бет. Қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978 – 601 – 211 – 372 – 3

Осы Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдар жинағында мемлекеттік интеграция контекстіндегі жаһандық сын-қатерлер мен ұлттық қауіпсіздікке төнетін қатерлер, Қарулы Күштердің заманауи сын-қатерлері және оларды шешу жолдары, қазіргі таңдағы жоғары әскери білім дамуының перспективалары мәселелері бойынша ғылыми еңбектер жарияланған.

ӘӘЖ 355 / 359 (069)
ББК 68.4

Құрлық әскерлері Әскери институты Ғылыми кеңесінің 2022 жылғы 14 сәуіріндегі №14 хаттамасы шешімімен бекітілді және басылымға ұсынылды.

ISBN 978 – 601 – 211 – 372 – 3

© Құрлық әскерлерінің
Әскери институты, 2022

СЕКЦИЯ 2

Әскери теория мен тәжірибе:

Қарулы Күштердің замануи сын-қатерлері және оларды шешу жолдары

Военная теория и практика: современные вызовы Вооруженных Сил и пути их решения
Military theory and practice: modern challenges of the Armed Forces and ways of solution

А.М.БОЛТАЕВА

Қазақстан Қарулы Күштері қатарына әскери қызметкерлерді дайындаудың психологиялық аспектілері 90

И.С.АВЕРИН

Анализ облика транспортного обеспечения армий иностранных государств 95

А.М.ТАЛИВОВ, В.А.ГУЛИЙЕВ

Determination of the optimal location of the logistics center in the troops 99

М.К.УМАРОВ

Развитие Вооруженных Сил Республики Казахстан на современном этапе 107

Н.З.ОСПАНОВ

пути повышения организации управления коалиционной группировкой войск при подготовке и ведении совместных боевых действий 112

Н.А.АЛТАЕВ

Применение подразделений Сухопутных Войск в войне в Сирии 117

С.К. ТЫНЫБАЕВ

Барражирующие боеприпасы: виды и перспективы применения 124

З.М.САДВАКАСОВА, С.К.КУДАЙБЕРГЕНОВА, Д.С.САРИЕВ, А.О.СУХОВ

Природа негативных эмоций и ее профилактика в психологическом сопровождении человека 129

Р.Х. МЕНЕЕВ, А.В.БОЙКО, А.Б.МУКАШЕВ

Обзор применения барражирующих боеприпасов в современных военных конфликтах 138

Н.О. МУСАБЕКОВ, Б.Ж. АЛИЕВ

Становление и развитие научно-исследовательского института вооружения и военной техники Национальный университет обороны имени Первого Президента Республики Казахстан – Елбасы 145

Г.Т.ЫСҚАҚ

Сарбаздардың жауынгерлік белсенділігіне әсер ететін факторлар 151

А.А. МҰҚАШЕВ

Әскери прокурорлар – заңдылық күзетінде 158

Р.Р.ЯФАРОВ

Психологические особенности и подходы работы с посттравматическими стрессовыми расстройствами человека 162

М.М.ДАБЫЛТАЕВА

Тұрғындардың құқық қорғау органдарына сенімі (қаңтар оқиғасы кейсінде) 166

Б.Р.АРЫСБАЕВ, Д.О.ЖҮСІПБЕК

Некоторые вопросы развития системы управления и связи бригад ПВО 169

СЕКЦИЯ 2

Әскери теория мен тәжірибе: Қарулы Күштердің замануи сын-кәтерлері және оларды шешу жолдары

Военная теория и практика: современные вызовы Вооруженных Сил и пути их решения

Military theory and practice: modern challenges of the Armed Forces and ways of solution

А.МБОЛТАЕВА

психология ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
Алматы қ., Қазақстан Республикасы
boltaeva.aliya@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІ ҚАТАРЫНА ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ДАЙЫНДАУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Бұл мақалада Қазақстан Қарулы күштерінің қатарына әскери қызметкерлерді дайындаудың психологиялық жолдарымен, тәсілдері қарастырылады. Әскери қызметкерлерді психологиялық дайындаудың нақты мазмұны, психологиялық дайындықты ұйымдастыру, дайындық кезеңдері туралы мәселелер баяндалады.

Кілт сөздер: Әскери қызмет, кәсіби жарамдылық, психологиялық дайындық, өзін-өзі қадағалау, жауапкершілік, әскери борыш, парыз, кәсіби қабілет, патриотизм.

Қазақстан Республикасы әскери доктринасы және әскери құрылым тұжырымдамалары бойынша жеке адамды қалыптастырудағы ұлттық негіздегі әскери дәстүрдің маңызы ерекше. Қазақстан мемлекетінің тәуелсіздік алуы және Біріккен Ұлттар Ұйымына қабылдануы жас қазақ мемлекетінің алдына үлкен мақсаттар мен міндеттер жүктеді. Қазақ елінің тәуелсіздігінің егемендігін сақтап қалу әрбір азаматтың борышына айналды.

Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігін жариялағаннан кейін, Республика президентінің “Қазақстан Республикасы Қарулы күштерін құру” туралы жарлығы жарық көрді (1992 жыл, 7 мамыр). Қазақстан Республикасының әскери доктрина және әскери құрылым тұжырымдамасында егеменді мемлекет және оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері ішкі және сыртқы саясаттың жалпы құрылымының өзегі болуға тиіс. Сондықтан бізге қазіргі заманғы қару-жарақпен жарақталған жоғары даярлықтан өткен жақсы үйретілген Егемендік мүддемізді қорғау үшін кез-келген жағдайда іс-қимыл жасауға даяр тұратын армия қажет. Ал мұндай армияны әскери құрылыстың тарихи тәжірибесіне және қазіргі заманғы саясат негізде ғана құруға болады делінген.

Көп ұлтты Қазақстан халқы үшін отансүйгіштік сезімінің рухани саладағы тату-тәтті, тірлік азаматтық келісімге ғана емес, мемлекеттік материалдық негізін нығайтуға да тікелей ықпалы бар. Отансүйгіштік рух-қазақ елінің әлемдік өркениетті елдер көшіне қосылып, дүниежүзілік

ӘСКЕРИ ҒЫЛЫМ ДАМУЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

қауымдастықтан лайықты орын алуына мүмкіндік беретін бірден-бір күш. Патриотизм негізінде жеке адамның Отанға, туған жерге деген сүйіспеншілігін бойындағы күш-қуаты мен білімін Отан мүддесіне жұмсау, туған жерін, ана тілін, әдет-ғұрпы мен дәстүрін құрмет тұту элементтері қалыптаса бастады[1].

Әскери қызметкерлерде жоғары психологиялық тұрақтылық моралдық-саяси және жауынгерлік қасиеттер, саяси және жауынгерлік дайындық процесі негізінде қалыптасады, сонымен қатар бұл жұмыста психологиялық дайындық мәселесін көрсеткен жөн. Психологиялық дайындық әскери білімдердің жеке мүшелеріне қазіргі замандағы соғыстың адамға әсер ететін себептеріне психологиялық сақтануға үйретеді, жауынгерлік жағдайда белсенділіктің ішкі тірегін жасайды.

Әскерлерде психологиялық дайындықтың жеткіліксіздігі жауынгерлік немесе қиын-қыстау жағдайда жүріс-тұрыстың бұзылуы мен сипаттануы мүмкін. Кейбір әскерлерде өзін-өзі сақтап қалу түрткілері күшейтіп бұйрықтарды нашар орындап, қорқуға беріліп кетуі мүмкін. Оларда мақсатқа ұмтылу табандылық, белсенділік, ынтасына өзін бақылау мен өзін игерулер нашарлап күдіктену, қобалжу пайда болады. Осындай көріністердің негізгі себептері әскерде моралды саяси дайындықтың жеткіліксіздігі. Әскерде бұл дайындық соғыс жағдайы талап ететін деңгейге жеткізбегендігі салдарынан болады [2].

Психологиялық дайындықтың міндетімен маңызды жан-жақты жақсы дайындалған, шыныққан, тәжірибелі әскерде жауынгерлік жағдайда шешімділік, байқампаздыққа шақырады. Әскери қызметтегі психологиялық дайындықтың жеткіліксіздігі әскердің белсенді әрекет жасауға тырысуының әлсіздігі ыне әкеледі. Әскери қызметтің нәтижелері әдеттегіден нашар болуынан ойлаудың сенсорлық қасиеті және қимыл-қозғалыс процестері бұзылады. Ойлаудың творчестволық қабілеті тапқырлық болып табылады. Сенсорлық бұзылу әрекеттіктің төмендеуінен көрінеді. Қарым-қатынастағы бұзылуларға аяқ-қолдың дірілдеуі, дауыстың өзгеруі, қозғалыс координациясының бұзылуы жатады.

Әскери бөлімдердің жүйке жүйелерінің психологиялық тұрақтылығы мен сенімділігі мына жағдайларда артуы мүмкін: олардың моралдық саяси ұйымдағы шараларын арттыру, соғыстың факторларын таныс күткен жағдайларға ауыстыру, әскерді қаруландыруда ішкі күштерді жеңуге қажет білімдер мен тәжірибелерді игеру әскери білімдердің жеке мүшелерінде кездейсоқ кездесуге, жағдайға байланысты тез өзгеруге дайын тұру.

Әскерлерді психологиялық дайындаудың нақты мазмұнына:

- өз қаруларына, әскери техникаға, жолдастарына, командирге, жеңіске деген сенімін қалыптастыру;
- өз қарсыластарын жеңу варианттарын ерекшеліктері мен талаптарын қалыптастыру;
- жауынгерлік жағдайы тікелей қатысты психологиялық қиындықтарымен таныс болу;
- өзін-өзі басқару мен еріктік сапалардың үйлесімді дамуы;
- психологиялық жауынгерлік-профессионалдық қасиетті дамыту, әсіресе ойлаудың сапасын арттыру;

- ерекше “психологиялық сенімді” қасиетті қалыптастыру, дамыту;
- психологиялық қиындықтарды шешу үшін тез және сапалы шешімдер табу өз мүмкіншіліктерін барынша үйлестіру;
- бейбіт өмірімізге лайықты жауынгерлік психологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету;
- ішкі жауынгерлік дайындықтың психикалық халін қалыптастыру, сақтауды белгілі деңгейге көтеру болып табылады [3].

Психологиялық дайындықтың мазмұны әскерлердің мамандығына, қызметіне, міндетіне және жағдайға қарап нақтыланады. Бұл тек қана әрбір жауынгерлерді бөлек дайындау мен шектелмейді: жақсы ұйымдасқан ұжымдарда төмен дайындалған әскер жауынгерлік жағдайдың қиындықтарын жеңе алады. Соғыс жағдайына және міндетіне ұжымдық психологияны қалыптастыру, психологиялық дайындықтың ең басты міндеті әскерлерде жауынгерлік жағдайдың факторларына психикалық тұрақтылықты қалыптастыру және оның қасиеттерін қолдану.

Әскери білім беру мекемелерінде курсанттар арасында психологиялық дайындықты ұйымдастыру былайша жүзеге асырылады:

- психологиялық дайындықтың жоспарларын жасау;
- сабақ жүргізілуде жауынгерлік жаттығу тапсырма курсына тексеру;
- сабақ жүргізуде жауынгерлік жаттығуларға үйрету кезінде оқыту мақсатымен қосымша психологиялық әсері бар жағдайларда арнайы таңдап алу;
- күшті психологиялық әсері бар әдістердің түрлері мен таза тәсілдерді қолдануды қарастыру;
- материалдық базаны жасау және оны толық жетілдіру;
- психологиялық дайындық нәтижесін тексеру, әдістемелер жүргізу [4].

Әскерлерді психологиялық дайындаудың құрылымы өте күрделі және оған әсер ететін себептердің көптүрлілігі психологиялық дайындықты жүргізуді түрлі мәселелерді шешуді қажет етеді.

Психологиялық дайындықты мақсатына қарай әскери қызметіне дайындық және нақты қызмет түріне қарай дайындық деп бөледі. Қарулы күштерді әскери түрде жауынгерлік техникамен жұмыс істегенде, әскери жаттығуларды орындағын кезде жауынгерлік іс-қимылдарды жасағанда, психологиялық дайындықтар қажет.

Психологиялық дайындықтың объектісіне қарай әскери ұжымдар мен әскерлерді команда құрамымен саптағы жауынгерлер, ракеташылар, танкист, ұшқыштар т.б. мамандықтарға бөлінеді. Психологиялық дайындықты жүргізу мерзіміне қарай жауынгерлік іс-әрекетке алдын-ала дайындалып және дәл қазіргі уақытта нақты берілген тапсырманы орындауға дайындық болып бөлінеді.

Әскери іс-әрекетке психологиялық дайындық әскерлер мен әскери ұжымдарда, олардың қызмет барысында жүзеге асады және тұрақты психологиялық мінездерді қалыптастырады. Жауынгерлік тапсырманы орындаудың алдында адамның барлық мүмкіншіліктерін, стеникалық күйлерді қалыптастыруды белсендіру жүргізіледі.

ӘСКЕРИ ҒЫЛЫМ ДАМУЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Психологиялық дайындықтың компоненттерін қалыптастыру мақсатымен қолданылатын әдістер мен құралдарға байланысты жалпы психологиялық дайындыққа бөлінеді. Әскерлер мен әскери ұжымдарда жалпы психологиялық арнайы психологиялық және мақсатты психологиялық дайындыққа бөлінеді. Әскер мен әскери ұжымдарда жалпы психологиялық дайындықта өз Отаныны қорғауға дайындық сапалы түрде қалыптасады және осы жолдағы кездесетін қиындықтарды жеңуге тырысады. Бұл жерде шешуші қызметті саяси моральдық факторлар атқарады. Соның ішінен дайындықтың өзара тәуелді және байланысты жақтарын психикаға әсерін табады [63].

Жалпы психологиялық дайындық қалыптасуы:

- өзінің рухани қажеттілігі мен қызығуларын, көзқарастарын, өз Отанына деген сүйіспеншілігі;
- психологиялық соғыс ұйымдарына төтеп беру;
- ұжымдық бірлестіктің сапасын арттыру, ұжымдардың ауызбіршілігін қалыптастыруы.
- командирлер мен саяси жұмыскерлерді сыйлау бір-біріне деген сенім, достық, сыйластықты қалыптастыру;
- өзінің әскери борышын терең түсіну;
- бейбітшілік және соғыс мәселесіне жауапкершілікпен қарау.

Қазақстанның Қарулы Күштеріндегі әскердің жеке мүшелерінің жауынгерлік дайындығын қалыптастыру арқылы жүзеге асады. Бұл мәселелерді шешу психологиялық тәрбие жұмыстарын жүргізумен байланысты. Бейбітшілік кездің өзінде де соғыс жағдайы, жауынгерлік дайындық мәселелерін дұрыс түсіну [5].

Қазақстанның әскери доктринасында, әскери істерді жүргізуде және жауынгерлік дайындықты жоғарылату қажет екенін сезу. Бұл жерде өткен соғыс тәжірибесіне негізделу бағалы болып табылады. Өрқашан да саяси-моральдық жинақылық соғысқа қабілеттілігі мен жауынгерлік дайындықтың санасын жоғарылату жолдарын іздеуге алып келеді. Олар кенеттен пайда болған қиындықтарды батыл шешуге көмектеседі.

Психологиялық дайындықтың әскери тәрбие мен жауынгерлік шеберлікті қалыптастыруымен тығыз байланысты. Олар мына жағдайлардың тізбегін қамтиды:

- а) әскери қызметке, өз мамандығына деген сүйіспеншілігі;
- ә) әскери қызметке дағдылану, әскери тәртіпке үйрену, ұжымдық қарым-қатынасты, уставты сақтау, өз қызметін мінсіз орындау;
- б) өз күшіне сеніммен қарау, алдына қойған тапсырманы шешу;
- в) әскери бөлімнің терең және жан-жақты болуы. Қарулармен жұмыс істегенде іскерлік, дағдылардың төзімді болуы;
- г) әрбір жауынгерлер мен командирлерде жауапкершіліктің, ынталылықтың, тәуелсіздіктің, табандылық пен өз-өзін ұстай білу, байқампаздық және ойшылдықтың болуы қажет;
- д) жауынгерлік дәстүрге берік, өзара көмек көрсету, сенімділік, ұжымдарда жауапкершіліктің болуы;
- е) жауынгерлік дайындықтың жетіліп отыруы, шынайы берілуі;
- ж) профессионалдық қарым-қатынасқа бейім болу.

Осы психологиялық дайындықтың жиынтықтары әскери тәртіп пен кәсіби жауапкершілікке үйрету барысында қалыптасады.

Танымдық процестерді белсендірген кезде ғана психиканың танымдық процестері дамиды және қарқынды қызмет істейді. Жаттығу жағдайында эмоционалдық қиындықтар, қауіп-қатерлі жұмыстардың элементтері арқылы ғана енгізіледі. Әскерлер танымдық және эмоционалдық қиындықтарды жеңу үшін еріктерін ынталандыруды қажет етеді. Жалпы және анайы психологиялық дайындық тек қана оқу процесі барысында ғана емес, жауынгерлік кезекшілікте, алысқа жорыққа шығу саптық және дене шынықтыру сабақтарында жүзеге асады [6].

Арнайы психологиялық дайындық әскерді жауынгерлік жағдайда төзімді болуға дайындауға арналған. Арнайы психологиялық дайындықтың мақсаты, әскерлерді жауынгерлік тапсырмаларды орындайтын нақты жағдайларды қиындықтармен өтетін орынды уақытты, жағдайларды, жаттығатын іс-қимылдарды, тапсырмаларды алдын-ала жоспарлап отыру керек. Соның үшін әскерлердің оқу жаттығулары арнайы жабдықталған полигондарда өтеді. Уставты, бұйрықты, дерективті, ұйымдасқан әдістемелік ережелердегі моделін жасауы қажет.

Қазіргі армия жауынгердің ерік-жігері мен психологиялық төзімділігіне үлкен талап қояды. Ол әскери техникаларды, оның ішінде өте күрделі әскери машиналарды, ракета комплекстері мен радио электрондық жүйелерді, атомдық сүнгуір қайықтары мен дыбыстан жылдам ұшатын әуе кемелерін шебер меңгере білуі керек. Бұл жерде жауынгердің ұйымшылдығы мен тәртіптілігі қажет. Ал әскери тәртіпті біту, оны орындауға әзір тұру - өзінің жеке басыңды қалыптастыру мен әскери қызметке дайындалу жолындағы маңызды қадам деген сөз. Тәртіптілік — психиканың тұрақты сапасы болып есептеледі. Ол әскерге қиын жағдайлардан қашу, тәртіп, уставтық әскери тәртіп, күнделікті жұмысты дұрыс шешу, әскердің психологиялық тұрақтылығының міндеті болып табылады.

Қорыта келгенде, әскери қызметкерлерді даярлаудың психологиялық аспектілері туралы сөз болғанда Қазақстан Қарулы күштерінің қатарына әскери қызметкерлерді дайындаудың жоғарыда баяндалған психологиялық жолдары мен тәсілдерін ескерген жөн. Психологиялық дайындық саяси моральдық дайындықтың негізінде жүргізіледі. Сондықтан да әскери құрылымдар мен оның арнайы бөлімшелерінде психологиялық дайындықтың жолдары мен тәсілдерін – әскери қызметке даярлаудағы саяси-идеологиялық, әскери оқу және кәсіби даярлықты ұйымдастыру қызметтерімен ұтымды ұштастырып отыру маңызды болып табылады.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Бакаев Л.Н. Любая армия должно иметь своей национальные традиции. - А., 1994. – 190 с.
2. Романов В.Г. Военно-юридическая психология. - М., 2007. - 267 с.
3. Роступов А.Г. Психологическая подготовка к службе. –Минск, 2004– 157 с.
4. Момышулы Б. Психология войны. - А., 1994. – 285 с.
5. Васильев А. Военная психология и ее применение к тактике. // Военная мысль. - 1993. - № 1. - С.133-141.
6. Китов А.И. Психология воинской дисциплины. - М.: ВПА, 1999. – 310 с.